Бөлім:	6. 1А VI – IX ғғ. Қазақстан
Педагогтің Т.А.Ә. (болған жағдайда)	Махамбетова Ардақ
Күні:	01.09.2026 (6D) 03.09.2026 (6E) 02.09.2026 (6G) 03.09.2026 (6J) 02.09.2026 (6H)
Сынып: 6D,6E,6G,6J,6H	Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	Кіріспе сабақ. Зерттеу сұрағы: Орта ғасырлар тарихы нені оқытады?
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаттары	Орта ғасырлардағы Қазақстан тарихына жалпы шолу
Сабақтың мақсаты	Орта ғасырлар кезеңіндегі өзгерістерді анықтайды; Орта ғасырлардағы Қазақстан тарихының негізгі кезеңдері мен олардың ерекшеліктерін түсінеді.
Құндылықтар	Енбеккорлық және кәсіби біліктілік
Апта дәйексөзі:	Білім – қымбат қазына, қанағат тұтпа азына (Мұзафар Әлімбаев)

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Ұйымдас-тыру Өткен білімді еске түсіру 7 минут Жаңа тақырыпқа қадам 3 минут	Ой қозғау: Орта ғасырлар қандай кезеңдерге бөлінеді? (алдыңғы сабақ материалын еске түсіру) Бұл кезеңдер бір-бірінен қалай ерекшеленуі мүмкін? ЕБҚ оқушыны өзін сыныптан шеттетілгендей сезінбеуі үшін мұғалімнің үстеліне жақын, мінез-құлқы жайлы балалардың тобына орналастыру.	Оқушылар өз ойларын ортаға салады. Оқушылар жауаптары арқылы жаңа тақырыпқа көш	ҚБ Мұғалім оқушылар жауабын мұқият тыңдап кері байланыс беріп отырады мадақтау	Кесте Тақырыптық суреттер
Сабақтың ортасы Жаңа білім 5 минут	Тапсырма 1. Орта ғасыр кезеңдерін талдау. Орта ғасырлардың әр кезеңі бойынша өзгерістерді кестеге толтырады: 1. Ерте орта ғасырлар 2. Дамыған орта ғасырлар 3. Қазақ мемлекетінің қалыптасу кезеңі. Ерте орта ғасыр | Дамыған орта ғасыр | | ЕБҚ: оқушы шығарылып берілген тапсырманы орындайды Тапсырма 2. Орта ғасырлардың үш кезеңі бойынша стикерлерге	Құндылықтар: Орта ғасырлардың әр кезеңіндегі маңызды өзгерісті анықтайды. (1-2-тапсырма) Дескрипторлар:	ҚБ Мұғалім оқушылар жауабын мұқият тыңдап кері байланыс беріп отырады «Ең үздік жауап»	Орта ғасырлардағы Қазақстан картасы: http://www.tarih-begalminka. kz/ kk/ history/ edieval/maps/ Ақпараттық мәтін Үлестірмелі қағаздар

<table>
<tr>
<td>10 минут

5 минут

10 минут</td>
<td>белгілі тұлғалар, оқиғалар және ұғымдарды жазып, 1-сабақтың басында дайындалған уақыт сызығына орналастыру. (Алдын-ала стикерлерге кейбір маңызды ұғымдарды жазып қойып, оқушыларға ойлануға беріңіз).
Уақыт сызығы бойынша келесі сұрақтар қою:
Ежелгі дәуір мен орта ғасырлар кезеңдері арасында қандай сабақтастықты байқадыңыз?
Сіздің ойыңызша, адамзат қоғамының дамуында әр кезеңнің қандай маңызы болды?
Орта ғасырлардағы өзгерістерді топтастыру. Тақтаға төрт бөліктен тұратын кесте сызыңыз.
<table><tr><td>Саяси</td><td>Экономикалық</td></tr><tr><td>Мәдени</td><td>Әлеуметтік</td></tr></table>Оқушылар алдыңғы тапсырмада уақыт сызығында стикерлерге жазылған оқиғалар немесе ұғымдарды кесте бөліктеріне тиісті салалар бойынша орналастыру керек. Оқушыларды қоғамдық өмірдің әр саласында орта ғасырларда ірі өзгерістер болғаны туралы қорытынды жасауға жетелеңіз.
Қазақстан тарихында орта ғасырлар кезеңінің қандай негізгі ерекшеліктері бар?
ЕБҚ оқушы (көру және есту қабілеті төмен) сұрақтарға жауапты жазбаша ұсынады.</td>
<td>Ерте орта ғасырлардағы кемінде 3 өзгерісті біледі;
Дамыған орта ғасырлардағы кемінде 3 өзгерісті түсіндіреді;
Кейінгі орта ғасырлардағы кемінде 3 өзгерісті атайды.
Кезеңдер арасындағы сабақтастықты түсіндіреді;
Кезеңдердің ұқсастығы мен айырмашылығы туралы дәлелдер келтіреді;
Орта ғасырлардың адамзаттың даму тарихындағы маңызы туралы пікір келтіреді.</td>
<td>ҚБ Мұғалім оқушылар жауабын мұқият тыңдап кері байланыс беріп отырады

«Алақан-жұдырық»

«Жұлдызшалар»</td>
<td>Суреттер

Тірек-сызбалар

Кесте

Карта
Хронология тюркской государственности:
https://www.youtube.c4VP6Y om/watch?v=QatYv- (карталар)
Аманжолов Қ. Р. Түркі халықтарының тарихы. 1-2 кітаптар. – Алматы: Білім, 2002 ж.</td>
</tr>
<tr>
<td>Сабақтың соңы
5 минут</td>
<td>Кері байланыс
Не білдім?
Не көрдім?
Не түсіндім?
Нені жетілдіруім керек?</td>
<td>Тақырып бойынша не білетінін, не білгісі келетінін, не білгенін жазады</td>
<td>Оқушылар бағалай критерийлерімен өз деңгейлерін бағалайды</td>
<td>А4, конспект</td>
</tr>
<tr>
<td>Үй тапсырмасы</td>
<td colspan="4">Орта ғасырлар тарихы нені оқытады?</td>
</tr>
</table>